

1995-2001 жылдардағы кезеңде Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті басқару аппаратының шекті санын ұлғайту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 тамыз N 1176

"1999 жылы Қазақстан Республикасында Халық санағын өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылдың 3 сәуірдегі N 389 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің басқару аппаратының шекті саны 1995-2001 жылдары 28 адамға, соның ішінде орталық аппараты 7 адамға ұлғайтылсын. Осы көрсетілген кезеңге "Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетін құрылымдық қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 маусымдағы N 813 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрамына халық санағы жөніндегі бөлім мен Төрағаның орынбасары - халық санағы бөлімінің бастығы лауазымы енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті алқасының құрамына Төрағаның орынбасары - халық санағы жөніндегі бөлім бастығы кіреді деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің қызмет бабындағы жеңіл автомашиналарының шегі, 1995-2001 жылдарға 21-ге, соның ішінде орталық аппарат үшін 1-ге көбейтілсін.

4. Халық санағына байланысты шығыстарды қаржыландыру республика бюджетінің "Халық шаруашылығы" тарауында көзделген жалпы шығыстардың есебінен жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі